

"Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 маусымдағы N 598 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні бекіту туралы

2003 жылғы 2 желтоқсанда Нью-Йоркте Қазақстан Республикасының өкілі қол қойған 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ
МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАР ТУРАЛЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПАКТІ**

О с ы П а к т і г е қ а т ы с у ш ы м е м л е к е т т е р ,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жарияланған қағидаттарға сәйкес, адам баласы отбасының барлық мүшелеріне тән қадір-қасиетін, олардың құқықтарының теңдігі мен ажырамастығын тану-бостандықтың, әділдіктің және жалпыға бірдей бейбітшіліктің негізі болып табылатынын *назарға ала отырып,*

бұл құқықтар адам баласына тән қадір-қасиеттен туындайтындығын *тани отырып,*

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес әркім экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын да өзінің азаматтық және саяси құқықтарымен бірдей пайдалана алатындай жағдай туғызғанда ғана, үрей мен мұқтаждықтан бостандығын иеленген еркін адам үлгісі жүзеге асырылуы мүмкін екендігін *тани о т ы р ы п ,*

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы бойынша мемлекеттер адам құқықтары мен бостандықтары жалпыға бірдей құрметтелуін және сақталуын көтермелеп отыруға міндетті екендіктеріне назар аудара отырып, әрбір жеке адам, басқа адамдарға және өзі мүшесі болып саналатын ұжымға қатысты міндеттері бола отырып, осы Пактіде танылған құқықтарды көтермелеуге және сақтауға қол жеткізуі тиіс екендігіне назар аудара отырып, төмендегі баптар туралы келісті:

I БӨЛІМ

1-бап

1. Барлық халықтар өзінің мемлекеттік құрылысын өздері шешуге құқылы. Осы құқық бойынша олар өз елінің саяси мәртебесін еркін белгілеп, оның экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын еркін түрде қамтамасыз етеді.

2. Барлық халықтар алдарына қойған мақсат-мұраттарына жету жолында халықаралық экономикалық ынтымақтастықтан туындайтын, өзара тиімділік қағидаттары мен халықаралық құқыққа негізделген қандай да болсын міндеттемелерге нұқсан келтірместен, өз елінің табиғи байлықтары мен ресурстарын еркін игере алады. Бірде-бір халықты меншігіндегі тіршілік етуге қажетті заттардан еш уақытта айыруға б о л м а й д ы .

3. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттердің бәрі, соның ішінде өзін-өзі басқарушы емес және қамқорлығындағы аумақтарды басқаруда жауапты мемлекеттер де, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының ережелеріне сәйкес, мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығын жүзеге асыруын көтермелеуге және ондай құқықты құрметтеуге тиіс.

II БӨЛІМ

2-бап

1. Осы Пактіге қатысушы әрбір мемлекет жекелей түрде және халықаралық көмек пен ынтымақтастық ретінде, атап айтқанда, экономикалық және техникалық салаларда, осы Пактіде танылған құқықтарды барлық тиісті тәсілдермен, атап айтқанда, заңнамалық шаралар қабылдауды қоса алғанда, бірте-бірте толық жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін қолда бар ресурстардың барынша ауқымды шегінде шаралар қ а б ы л д а у ғ а м і н д е т т е н е д і .

2. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер Пактіде жарияланған құқықтар нәсілге, түр-түске, жынысқа, тілге, дінге, саяси немесе өзге наным-сенімдерге, Ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік жағдайға, сондай-ақ туылуы немесе өзге де

жағдаяттарға қарамастан, қандай да болмасын кемсітусіз жүзеге асырылатынына кепілдік беруге міндеттенеді.

3. Дамушы елдер адам құқықтарын және өз халық шаруашылығын тиісті есепке ала отырып, өздерінің азаматтары болып табылмайтын адамдарға осы Пактіде танылған экономикалық құқықтарды қандай ауқымда беруге кепілдік бере алатынын айқындай алады.

3-бап

Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер Пактіде көзделген барлық экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды ерлер мен әйелдердің тең пайдалануы құқығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4-бап

Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер сол немесе өзге бір мемлекет осы Пактіге сәйкес қамтамасыз етіп отырған құқықтарды пайдалануға қатысты, осы мемлекет бұл құқықтарға тек заңмен белгіленген, аталған құқықтар табиғатына сыйымды болатындай, және демократиялық қоғамдағы жалпы әл-ауқатты жақсартуға жәрдемдесу мақсатындағы шектеулерді ғана белгілей алатынын таниды.

5-бап

1. Осы Пактідегі ешбір қағида қандай да бір мемлекетке, қандай да бір топқа немесе қандай да бір адамға осы Пактіде танылған кез келген құқықтар немесе бостандықтарды жоюға, не болмаса оларды осы Пактіде көзделгеннен көп мөлшерде шектеуге бағытталған қандай да болмасын іс-әрекетпен айналысуға немесе қандай да болмасын іс-әрекет жасауға құқық береді деп түсіндірілмеуге тиіс.

2. Қайсыбір елдерде заң, конвенциялардың, ережелердің күшімен не болмаса әдет-ғұрыптар арқылы танылған немесе қолданыстағы қандай да бір болмасын негізгі адам құқықтарын аталған Пактіде мұндай құқықтар танылмайды немесе танылған күннің өзінде кем ауқымда танылады деген сылтаумен ешбір шектеуге немесе кемітуге жол берілмейді.

III БӨЛІМ

6-бап

1. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер әр адамның өз еркімен таңдап алған немесе өз еркімен келіскен еңбегімен күнкөріс жасау мүмкіндігі құқығын қамтитын еңбек

етуге құқығын мойындайды және осы құқықты қамтамасыз етуге тиісті қадамдар ж а с а й д ы .

2. Бұл құқықты толық жүзеге асыру үшін осы Пактіге қатысушы мемлекеттер қабылдауға тиісті шараларға адамның негізгі саяси және экономикалық бостандықтарына кепілдік беретін жағдайдағы кәсіби-техникалық оқыту мен дайындық бағдарламаларын, экономикалық, әлеуметтік және мәдени ұдайы даму мен толық өндірушілік еңбекке қол жеткізудің жолдары мен тәсілдері кіреді.

7-бап

Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер әркімнің әділетті және қолайлы еңбек жағдайына ие болу құқығын таниды, оған, атап айтқанда:

а) барлық еңбеккерлерге, кем дегенде:

i) құндылығы бірдей еңбектері үшін ешбір айырмашылықсыз әділ жалақы мен бірдей сыйақы алуын және де, атап айтқанда, әйелдер үшін еңбек жағдайы бірдей еңбегі үшін бірдей еңбекақы алатын ер адамдар пайдаланатын еңбек жағдайынан кем болмауына кепілдік берілуі;

ii) осы Пактінің қаулыларына сәйкес өздері мен отбасы мүшелері қанағаттанарлықтай тіршілік етуі;

б) қауіпсіздік пен гигиена талаптарына жауап беретін еңбек жағдайы;

с) еңбек өтілі мен біліктілігінің негізінде ғана жұмыста тиісті жоғары сатыларға көтерілуі үшін бәріне бірдей мүмкіндік берілуі;

д) тынығу, бос уақыт және жұмыс уақытының орынды шектелуі, мерзімді ақылы еңбек демалысы, сонымен қатар, мереке күндерінде істеген жұмысы үшін сыйақы алу құқығы кіреді.

8-бап

1. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер:

а) әрбір адамның, өзінің экономикалық және әлеуметтік мүдделерін жүзеге асыру және қорғау үшін кәсіптік одақтарды құру және осындай ұйымдарға өзінің таңдауы бойынша, сол тиісті ұйымның ережесін бұзбау шартымен ғана кіру құқығын; аталған құқықты пайдалану заң бойынша көзделген және демократиялық қоғамдағы мемлекеттік қауіпсіздік немесе қоғамдық тәртіп мүдделерін немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажеттілерінен басқа ешбір шектеулерге ж а т п а й д ы ;

б) кәсіптік одақтардың ұлттық федерациялар немесе конфедерациялар құру құқығын және де соңғылардың халықаралық кәсіподақ ұйымдарын ашу немесе соларға қ о с ы л у қ ұ қ ы ғ ы н ;

с) кәсіптік одақтардың өз жұмыстарын кедергісіз және заң бойынша көзделген және

демократиялық қоғамдағы мемлекеттік қауіпсіздік немесе қоғамдық тәртіп мүдделерін немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажеттілерінен өзге қандай да бір болмасын шектеулерсіз жұмыс жүргізу құқығын;

d) әр елдің заңдарына сәйкес жүзеге асырылған жағдайдағы ереуілдерге шығу құқығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. Осы бап қарулы күштер, полиция немесе мемлекет әкімшілігі құрамына кіретін адамдар үшін бұл құқықтарды пайдалануға заңды шектеулер енгізуге кедергі ж а с а м а й д ы .

3. Осы баптағы ешбір қағида қауымдастықтар бостандығы мен ұйымдастыру құқығын қорғауға қатысты Халықаралық еңбек ұйымының 1948 жылғы Конвенциясына қатысушы мемлекеттерге аталған Конвенцияда көзделген кепілдіктерге нұқсан келтіретін заңнамалық актілерін қабылдау немесе заңды осы кепілдіктерге нұқсан келтіретіндей етіп қолдану құқығын бермейді.

9-бап

Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер әрбір адамның, әлеуметтік қамсыздандыруды қоса алғанда, әлеуметтік жағынан сақтандыру құқығын таниды.

10-бап

Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер:

1. Қоғамның табиғи және негізгі ұясы болып табылатын отбасына, әсіресе, жаңа шаңырақ көтерген тұста және жас балаларына қамқорлық жасау мен олардың тәрбиесіне жауапкершілік жүктелген кезде, мүмкіндігінше барынша кең ауқымды қорғау мен жәрдем көрсетілуі қажет екендігін таниды. Неке екі жақтың өзара еркін келісімі бойынша ғана қиылуы тиіс.

2. Аналарға, бала туғанға дейінгі және одан кейінгі тиісті уақыт ішінде айрықша қамқорлық көрсетілуі тиіс. Жұмыс істейтін аналарға осы мерзім ішінде ақылы демалыс немесе әлеуметтік қамсыздандыру бойынша жеткілікті жәрдемақылық демалыс берілуі т и і с .

3. Барлық балалар мен жасөспірімдерге шығу тегіне байланысты немесе өзге бір белгісі бойынша қандай да болмасын кемсітусіз қорғау мен жәрдемнің ерекше шаралары қабылдануға тиіс. Балалар мен жасөспірімдер экономикалық және әлеуметтік қанаудан қорғалуы тиіс. Олардың еңбегін имандылығы мен денсаулығына, немесе қалыпты өсіп-жетілуіне зиян келтіретін немесе өміріне қауіп төндіретін салаларда пайдалану заң жүзінде жазалануға тиіс. Бұдан басқа, мемлекеттер жас мөлшері шегін белгілеуге тиіс, ал одан жасы төмен баланың ақылы еңбегін пайдалануға заң бойынша тыйым салынады және жазаға тартылады.

11-бап

1. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер әркімнің өзі және отбасының жеткілікті тамақтануын, киімі мен баспанасын қамтитын, жеткілікті тұрмыс деңгейінде өмір сүру және тұрмыс жағдайын үнемі жақсарту құқығын таниды. Қатысушы мемлекеттер, бұл ретте еркін келісімге негізделген халықаралық ынтымақтастықтың маңызы зор екенін тани отырып, осы құқықтың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қ а б ы л д а й д ы .

2. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер әрбір адамның аштықтан бостандығы негізгі құқығын тани отырып, жекелей өзі және нақты бағдарламалардың жүргізілуін көздейтін халықаралық ынтымақтастық тәртібінде:

а) техникалық және ғылыми білімді кеңінен қолдану жолымен азық-түлікті өндіру, сақтау және тарату әдістерін жақсарту, табиғи ресурстарды неғұрлым тиімді игеріп, пайдалану үшін тамақтану принциптері мен аграрлық жүйені жетілдіру немесе реформалау туралы білімді тарату үшін;

б) азық-түлік өнімдерін экспорттаушы, сонымен қатар импорттаушы елдердің қажеттіліктеріне сәйкес және олардың проблемаларын ескере отырып, дүниежүзілік азық-түлік қорының әділ бөлінуін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

12-бап

1. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер әрбір адамның тәндік және психикалық саулылығының ең жоғары деңгейіне қол жеткізу құқығын таниды.

2. Бұл құқықты толық жүзеге асыру үшін осы Пактіге қатысушы мемлекеттер:

а) балалардың өлі тууы мен шетінеу санының азаюын қамтамасыз ету және балалардың салауатты дамуына жағдай туғызу;

б) сыртқы орта гигиенасының және өнеркәсіптегі еңбек гигиенасының барлық а с п е к т і л е р і н ж а қ с а р т у ;

с) індет, эндемиялық, кәсіби және өзге де аурулардың алдын алу және олармен к ү р е с у ;

д) науқастанған жағдайда, баршаға медициналық жәрдем беру мен дәрігерлік күтімді қамтамасыз ететіндей жағдай жасау үшін қажетті іс-шараларды қамтуға тиіс.

13-бап

1. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер әрбір адамның білім алуға құқығын таниды. Олар білім - адамның жеке басының толық кемелденуіне және өзінің қадір-қасиетін сезінуіне бағытталып, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарына деген құрметті нығайтуы тиіс екендігімен келіседі. Бұдан әрі, олар білім баршаға еркін қоғамның

пайдалы қатысушылары болуына мүмкіндік туғызып, барлық ұлттар мен нәсілдік, этникалық және діни топтар арасындағы өзара түсіністік, төзімділік пен достыққа ықпал етіп, Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қолдау жолындағы жұмысына жәрдемдесетінін

құптайды.

2. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер осы құқықты толық жүзеге асыру үшін:

а) бастауыш білім баршаға бірдей міндетті және тегін болуы тиіс екендігін;

б) әр түрлі нысанда орта білім алу, бұған кәсіптік-техникалық орта білімді қоса алғанда, барлық қажетті шараларды қабылдау жолымен, атап айтқанда, біртіндеп тегін білім беру жүйесін енгізу сияқты ашық және бәрі үшін қолжетімді болып жасалуы тиіс екендігін;

с) жоғары білім алу әркімнің қабілетіне қарай барлық қажетті шараларды қабылдау жолымен, атап айтқанда, біртіндеп тегін білім беру жүйесі сияқты, бәрі үшін бірдей қолжетімді болып жасалуы тиіс екендігін;

д) бастауыш білім алмаған немесе бастауыш білімнің толық курсын аяқтамағандар үшін қарапайым білім алу, мүмкіндігінше көтермеленіп, немесе үдетіліп оқытылу керек екендігін;

е) барлық сатыдағы мектеп жүйелерін дамытудың белсенді түрде жүргізілуі, стипендияның қанағаттанарлықтай жүйесінің орнатылуы, оқытушылар құрамының материалдық жағдайының үнемі жақсартылып отырылуы тиіс екендігін таниды.

3. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер ата-аналардың және тиісті жағдайларда, қамқоршылардың өз балаларын оқыту үшін мемлекет билігі құрған мектептерді ғана емес, сонымен қатар мемлекет белгілеуі немесе бекітуі мүмкін білім беру талаптарына жауап беретін және өз балаларының наным-сенімдеріне сәйкес діни және имандылық тәрбие беруді қамтамасыз ететін басқа да мектептерді таңдау еркіндігін құрметтеуге міндеттенеді.

4. Осы баптың ешбір бөлігі осы баптың 1-тармағында баян етілген принциптер сақталған жағдайда жеке адамдар мен мекемелердің оқу орындарын құру және басқару еркіндігін кеміту және бұндай оқу орындарында білім беру талаптары мемлекет белгілеген талаптармен үйлесімді болуын орындамау деп түсіндірілмеуі тиіс.

14-бап

Егер әрбір осы Пактіге қатысушы мемлекет қатысушылар құрамына кірген кезде өз метрополиясына қарасты аумақта немесе оның юрисдикциясына қарасты басқа аумақтарда міндетті тегін бастауыш білім беруді белгілей алмаған жағдайда, ол екі жыл ішінде, ақылға сыйымды жылдар бойында біртіндеп қолға алынатын, жылдар саны көрсетілуі тиіс, жалпыға бірдей міндетті тегін білім беру принципін жүзеге асыру іс-шараларының егжей-тегжейлі жоспарын жасауға және қабылдауға міндеттенеді.

15-бап

1. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер әрбір адамның:
 - а) мәдени өмірге қатысу;
 - б) ғылыми прогресс пен оларды іс жүзінде қолдану нәтижелерін пайдалану;
 - с) өзі авторы болып табылатын кез-келген ғылыми жұмыстарға, әдеби немесе көркем туындыларға байланысты туындаған моральдық және материалдық мүдделерін қорғауды пайдалану құқығын таниды.
2. Осы құқықты толық жүзеге асыру үшін осы Пактіге қатысушы мемлекеттер қабылдауға тиіс шараларға ғылым мен мәдениет жетістіктерін қорғау, дамыту және тарату үшін қажетті шаралар да кіреді.
3. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер ғылыми-зерттеу жұмыстары мен шығармашылық қызмет үшін сөзсіз қажет бостандықты құрметтеуге міндеттенеді.
4. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер ғылым мен мәдениет салаларындағы халықаралық байланыстар мен ынтымақтастықты көтермелеуден және дамытудан келетін пайданы таниды.

IV БӨЛІМ

16-бап

1. Пактінің осы бөліміне сәйкес осы Пактіге қатысушы мемлекеттер Пактіде танылған құқықтарды сақтауға қол жеткізу жолында қабылдаған шаралары мен ілгерілеулер туралы баяндамалар тапсырып отыруға міндеттенеді.
2. а) Барлық баяндамалар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына тапсырылады, ол осы Пактінің ережелеріне сәйкес олардың екінші даналарын Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің қарауына жібереді;
- б) осы Пактіге қатысушы мемлекеттер мамандандырылған мекемелердің де мүшесі болып табылатындықтан Бас хатшы Пактіге қатысушы мемлекеттер баяндамаларының даналарын немесе олардың кез келген тиісті бөлімінің екінші данасын мамандандырылған мекемелерге де жібереді, өйткені мұндай баяндамалардың немесе олардың тиісті бөлімдерінің аталған мекемелердің олардың конституциялық актілеріне сәйкес алған міндеттері шеңберіне кіретін кез келген мәселелерге қатысы болады.

17-бап

1. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер өздерінің баяндамаларын қатысушы мемлекеттердің және мүдделі мамандандырылған мекемелердің консультациясы бойынша, осы Пакті күшіне енген соң бір жылдың ішінде Экономикалық және

Әлеуметтік Кеңес белгілеуге тиіс бағдарламаға сәйкес кезең-кезеңімен тапсырады.

2. Баяндамаларда осы Пакт бойынша жүктелген міндеттерді орындау дәрежесіне ықпал ететін факторлар мен қиыншылықтар көрсетілуі мүмкін.

3. Егер тиісті мәліметтерді осы Пактіге қатысушы қайсыбір мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымына немесе қайсыбір мамандандырылған мекемеге бұрын хабарлаған болса, онда оларды қайталап жатпай, осындай түрде хабарланған мәліметтерге нақты сілтеме берілсе де жеткілікті.

18-бап

Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы бойынша адам құқықтары мен негізгі бостандықтары саласындағы өз міндеттерін орындау мақсатында мамандандырылған мекемелермен осы Пактінің олардың қызметі саласына жататын қаулыларын сақтауға қол жеткізу жолындағы ілгерілеу туралы баяндамаларын өзіне тапсыру жөнінде келісім жасай алады. Бұл баяндамаларға мұндай жүзеге асырулар туралы олардың құзыретті органдары қабылдаған шешімдер мен ұсынымдар енгізілуі мүмкін.

19-бап

Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес, 16 және 17-баптарға сәйкес мемлекеттер тапсыратын адам құқықтарына қатысты баяндамаларды және 18-бапқа сәйкес мамандандырылған мекемелер тапсыратын адам құқықтарына қатысты баяндамаларды қарау және жалпы ұсыныстар беру үшін немесе тиісті жағдайларда мәлімет үшін Адам құқығы жөніндегі комиссияға жібере алады.

20-бап

Осы Пактіге қатысушы мүдделі мемлекеттер және мамандандырылған мекемелер 19-бапқа сәйкес Адам құқығы жөніндегі комиссияның кез келген баяндамасында берілген кез-келген жалпы ұсыныс бойынша немесе кез келген құжатта осындай ұсынысқа берілген сілтемелер бойынша ескертпелерін Экономикалық және Әлеуметтік Кеңеске тапсыра алады.

21-бап

Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес Пактіде танылған құқықтардың жалпыға бірдей сақталуын қамтамасыз ету саласында қабылданған шаралар мен қол жеткен жетістіктер туралы осы Пактіге қатысушы мемлекеттерден және мамандандырылған мекемелерден алынған жалпылама сипаттағы ұсыныстар мен қысқаша мазмұны бар мәліметтер кірген баяндамаларды мезгіл-мезгіл Бас Ассамблеяға тапсыра алады.

22-бап

Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес осы Пактіні тиімді түрде бірте-бірте жүзеге асыруға жәрдемдесе алатындай халықаралық шаралардың орындылығына қатысты өз құзыреті шегінде шешім шығару кезінде, бұл органдардың әрқайсысына пайдалы болуы мүмкін Пактінің осы бөлімінде аталған баяндамаларға байланысты туындаған кез келген мәселелерге Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа да органдарының, олардың қосалқы органдары мен техникалық көмек берумен айналысатын мамандандырылған мекемелерінің назарын аудара алады.

23-бап

Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер Пактіде танылған құқықтарды жүзеге асыруға ықпал жасайтын халықаралық іс-шаралар қатарына конвенциялар жасасу, ұсынымдар қабылдау, техникалық көмек көрсету, консультациялар алу мақсатында аймақтық кеңестер мен техникалық кеңестер өткізу, сондай-ақ мүдделі үкіметтермен бірлесіп ұйымдастырылған зерттеулер жүргізу тәрізді тәсілдерді қолдану жататынына келіседі.

24-бап

Осы Пактідегі ешбір қағида Біріккен Ұлттар Ұйымының әртүрлі органдары мен мамандандырылған мекемелерінің осы Пактіге қатысты мәселелер бойынша міндеттерін анықтайтын Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысы қаулыларының және мамандандырылған мекемелерінің жарғыларының маңызын төмендету деп түсіндірілмеуге тиіс.

25-бап

Осы Пактідегі ешбір қағида барлық халықтардың өздерінің табиғи байлықтары мен ресурстарын толық және еркін иеленуі мен пайдалануы жөніндегі ажырамас құқығын кеміту деп түсіндірілмеуге тиіс.

26-бап

1. Осы Пакті Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше кез келген мемлекеттің немесе оған мүше кез келген мамандандырылған мекемелердің, Халықаралық Сот Статутына қатысушы кез келген мемлекеттің және Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы осы Пактіге қатысуға шақырған кез келген басқа мемлекеттің қол қоюы үшін ашық.

2. Осы Пакті бекітуге жатады. Бекіту грамоталары Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға беріледі.

3. Осы Пакті осы баптың 1-тармағында аталған кез келген мемлекеттің қосылуы
ү ш і н а ш ы қ .

4. Қосылу - Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына қосылу туралы құжатты
сақтауға беру арқылы жасалады.

5. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Пактіге қол қойған немесе оған
қосылған мемлекеттердің бәріне әрбір бекіту грамотасының немесе қосылу туралы
құжаттың сақтауға берілгендігі туралы хабарлайды.

27-бап

1. Осы Пакті отыз бесінші бекіту грамотасын немесе қосылу туралы құжатты
Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырған күнінен үш ай өткен
с о н к ү ш і н е е н е д і .

2. Отыз бесінші бекіту грамотасын немесе қосылу туралы құжатты сақтауға
бергеннен кейін осы Пактіні бекітетін немесе оған қосылатын әрбір мемлекет үшін осы
Пакті ол меншікте бекіту грамотасын немесе қосылу туралы құжатын сақтауға
бергеннен кейін үш ай өткен соң күшіне енеді.

28-бап

Осы Пактінің қаулылары федеративтік мемлекеттердің барлық бөліктеріне ешбір
шектеусіз немесе алып қоюсыз таратылады.

29-бап

1. Осы Пактіге кез келген қатысушы мемлекет түзетулер ұсынып және оларды
Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына тапсыра алады. Бас хатшы бұдан соң кез
келген ұсынылған түзетулерді осы Пактіге қатысушы мемлекеттерге жолдай отырып,
олардың осы ұсыныстарды қарау және олар бойынша дауыс беру мақсатында
қатысушы мемлекеттердің конференциясын шақыру қажеттілігі жөнінде өзіне хабар
беруді өтінеді. Егер осындай конференцияның шақырылуын қатысушы мемлекеттердің
ең болмағанда үштен бірі қолдаса, онда Бас хатшы Біріккен Ұлттар Ұйымының
аясында конференция шақырады. Бұл Конференцияда болған және дауыс беруге
қатысқан қатысушы мемлекеттердің көпшілігімен қабылданған кез келген түзету
Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясына бекітуге ұсынылады.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының бекітуі бойынша және осы
Пактіге қатысушы мемлекеттердің үштен екісінің көпшілігімен қабылданған түзетулер
сол мемлекеттердің конституциялық рәсімдеріне сәйкес күшіне енеді.

3. Түзетулер күшіне енгеннен кейін, оларды қабылдаған қатысушы мемлекеттер үшін міндетті болады, ал басқа қатысушы мемлекеттер үшін осы Пактінің қаулылары және өздері бұрын қабылдаған түзетулер міндетті болып қала береді.

30-бап

26-баптың 5-тармағына сәйкес жасалған хабарламаларға қарамастан, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы сол баптың 1-тармағында сөз болған мемлекеттердің б ә р і н :

- а) 26-бапқа сәйкес қол қоюлар, бекітулер және қосылулар туралы;
- б) 27-бапқа сәйкес осы Пактінің күшіне енген күні және 29-бапқа сәйкес кез келген түзетулердің күшіне енген күні туралы хабардар етеді.

31-бап

1. Ағылшын, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі мәтіндері тең түпнұсқалы осы Пакті Біріккен Ұлттар Ұйымының мұрағатына сақтауға тапсыруға ж а т а д ы .

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Пактінің куәландырылған көшірмелерін 26-бапта аталған мемлекеттердің бәріне жібереді.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН төменде қол қойғандар, тиісті үкіметтерінен тиісінше уәкілеттік алғандар, мың тоғыз жүз алпыс алтыншы жылғы он тоғызыншы желтоқсанда, Нью-Йоркте қол қою үшін ашық, осы Пактіге қол қойды.